# Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

SHQ8300

Сұрағыңыз бар ма? Philips компаниясына хабарласыңыз




# Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

# Мазмұндар кестесі


**1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары 2**
Есту қауіпсіздігі 2
Жалпы ақпарат 2

**2 Bluetooth тығын-құлақаспабы 3**
Қораптың құрамы 3
Басқа құрылғылар 3
Bluetooth тығын-құлақаспабына шолу 3

**3 Жұмысты бастау 4**
Құлақаспапты зарядтау 4
Құлақаспапты мобильді телефоныңызбен жұптау 4

**4 Құлақаспапты пайдалану 6**
Құлақаспапты Bluetooth құрылғысына жалғаңыз 6
Қоңыраулар мен әуенді басқару 6
Музыканы бөлісу 7

**5 Техникалық мәліметтер 9**

**6 Ескерту 10**
Сәйкестік туралы декларация 10
Ескірген бұйымдарды және батареяны жою 10
Электр магнитті өріспен (ЭМӨ) үйлесімділігі 10
Сауда белгілері 11

**7 Жиі қойылатын сұрақтар 12**

# 1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

## Есту қауіпсіздігі



**Қауіпті**

- Есту қабілетіне зақым келтірмеу үшін гарнитураны жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану уақытын шектеп, дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатыңыз. Дыбыс деңгейі жоғары болса, қауіпсіз тыңдау уақыты қысқа болады.

**Гарнитураны пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.**

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін жоғары деңгейге үздіксіз реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.
- Құлақаспаптардан немесе құлаққаптардан шамадан тыс дыбыс қысымы есту қабілетін жоғалтуға себеп болуы мүмкін.
- Көлікті жүргізу кезінде екі құлақты гарнитурамен жабу ұсынылмайды және жүргізу кезінде кейбір аймақтарда заңсыз болуы мүмкін.
- Қауіпсіздігіңіз үшін көлікте немесе басқа да ықтимал қауіпті орталарда әуенге немесе ұялы телефонға алаң болмаңыз.

## Жалпы ақпарат

**Зақымды немесе ақаулықты болдырмау үшін:**

**Ескерту**

- Құлақаспаптың қатты қызып кетуін болдырмаңыз.
- Құлақаспапты түсіріп алмаңыз.
- Құлақаспапқа сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құлақаспаптың суға батуына жол бермеңіз.
- Құрамында алкоголь, аммиак, бензин немесе зімпара бар тазалау құралдарын пайдаланбаңыз.
- Егер тазалау қажет болса, өнімді тазалау үшін жұмсақ, қажет болса, аз мөлшердегі сумен дымқылданған немесе сабынға малынған мата пайдаланыңыз.
- Кірістірілген батарея күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.

**Жұмыс істеу және сақтау температурасы мен ылғалдылығы туралы**

- Температурасы -15 °C (5 °F) және 55 °C (131 °F) арасындағы жерде іске қосыңыз немесе сақтаңыз (90 %-ға дейін салыстырмалы ылғалдылық).
- Батареяның жұмыс уақыты жоғары немесе төмен температура жағдайларында қысқаруы мүмкін.

# 2 Bluetooth тығын-құлақаспабы

Сатып алынған зат құтты болсын және Philips қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өніміңізді **www.philips.com/welcome** торабында тіркеңіз.
Осы Philips сымсыз тығын-құлақаспабымен төмендегілерді істеуге болады:

- қолайлы сымсыз хэндсфри қоңырауларды мүмкіндігін пайдалану;
- сымсыз әуенді тыңдау немесе басқару;
- қоңыраулар мен әуен арасында ауысу.

## Қораптың құрамы



Philips SHQ8300 Bluetooth тығын-құлақаспабы




Ауыстырылатын резеңке құлақ қалпақтары



USB зарядтау кабелі (тек зарядтау үшін)




Қысқаша нұсқаулық

## Басқа құрылғылар

Bluetooth байланысын қолдайтын және құлақаспаппен үйлесімді (ақылдасу 'Техникалық мәліметтер' бет 9) мобильді телефон немесе құрылғы (мысалы, ноутбук, PDA, Bluetooth адаптерлері, MP3 ойнатқыштары, т.б.).

## Bluetooth тығын-құлақаспабына шолу




1. **Микрофон**
2. **Дыбыс деңгейін/Жолды басқару түймесі**
3. **ЖШД көрсеткіші**
4. **Micro USB зарядтау ұяшығы**
5. **Қосу/өшіру, музыка/қоңырауды басқару түймесі және NFC анықтау аймағы**

# 3 Жұмысты бастау

## Құлақаспапты зарядтау

Ескертпе

- Құлақаспапты бірінші рет пайдалану алдында оңтайлы батарея сыйымдылығы мен қызмет мерзімі үшін батареяны 5 сағат зарядтаңыз.
- Зақым келтірмеу үшін тек бастапқы USB зарядтау кабелін пайдаланыңыз.
- Құлақаспапты зарядтаудан бұрын қоңырауды аяқтаңыз, себебі құлақаспапты зарядтау үшін жалғағанда құлақаспап өшеді.
- Зарядтау кезінде құлақаспапты қалыпты түрде пайдалана аласыз.

Жабдықталған USB зарядтау кабелін төмендегіге қосыңыз:

- құлақаспаптағы микро-USB зарядтау порты және;
- компьютердің зарядтағыш/USB порты.

↳ ЖШД шамы зарядтау кезінде ақ түске ауысады және құлақаспап толық зарядталғанда өшеді.

Кеңес

- Әдетте, толық зарядтау үшін 2 сағат кетеді.

## Құлақаспапты мобильді телефоныңызбен жұптау

Құлақаспапты мобильді телефонмен бірінші рет пайдалану алдында мобильді телефонмен жұптаңыз. Сәтті жұптау құлақаспап пен мобильді телефон арасында бірегей шифрланған байланысты орнатады. Құлақаспап соңғы 4 құрылғыны жадында сақтайды. Егер 4-ден көп құрылғыны жұптауға әрекет етсеңіз, бұрын жұпталған құрылғы жаңасымен ауыстырылады.
Құлақаспапты мобильді телефонмен жұптаудың екі жолы бар:

- Қолмен жұптастыру
- NFC жұптастыру

### Қолмен жұптастыру

1. Құлақаспаптың толық зарядталғанын және өшірілгенін тексеріңіз.
2. Қосу/өшіру түймесін көк және ақ ЖШД шамы кезектесіп жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
   ↳ Құлақаспап жұптау режимінде 5 минут болады.
3. Ұялы телефон өшірілгенін және оның Bluetooth мүмкіндігі қосылғанын тексеріңіз.
4. Құлақаспапты мобильді телефоныңызбен жұптаңыз. Толық мәліметтер алу үшін ұялы телефонның пайдаланушы нұсқаулығына жүгініңіз.

### NFC жұптастыру

1. Құлақаспабыңыз өшіп тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Телефондағы NFC функциясын қосқаныңызға және телефонның экраны қосулы тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Телефонды гарнитураның үстіне қойыңыз, сонда әр құрылғының NFC анықтау аумағы бір-біріне тиіп тұрады.
4. Құлақаспапты мобильді телефоныңызбен жұптаңыз. Толық мәліметтер алу үшін ұялы телефонның пайдаланушы нұсқаулығына жүгініңіз.

## Ескертпе

- Ұялы телефоныңызда NFC мүмкіндігінің қол жетімді және қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
- Ұялы телефоныңыздың күту режимінде тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- NFC арқылы жұптастыру Android 4.2 не одан кейінгі ұялы операциялық жүйесіне ғана қолайлы.
- NFC анықтау аумағын ұялы телефонның пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Төмендегі мысалда құлақаспапты мобильді телефонмен жұптау жолы көрсетіледі.

1 Ұялы телефонның Bluetooth мүмкіндігін белсендіріп, Philips SHQ8300 параметрін таңдаңыз.

2 Егер сұралса, гарнитура құпия сөзін «**0000**» (4 нөл) енгізіңіз. Bluetooth 3.0 немесе одан кейінгі нұсқасымен жабдықталған ұялы телефондар үшін құпия сөзді енгізудің қажеті жоқ.



# 4 Құлақаспапты пайдалану

## Құлақаспапты Bluetooth құрылғысына жалғаңыз

1. Ұялы телефонды/Bluetooth құрылғысын қосыңыз.
2. Құлақаспапты қосу үшін қосу/өшіру түймесін басып тұрыңыз.
   - ↳ Көк ЖШД шамы жыпылықтайды.
   - ↳ Құлақаспап соңғы қосылған ұялы телефонға/Bluetooth құрылғысына автоматты түрде қайта қосылады. Егер соңғысы қолжетімді болмаса, құлақаспап екінші соңғы қосылған құрылғыға қайта қосылуға әрекет етеді.

**Кеңес**

- Құлақаспапты қосқан соң ұялы телефонды/Bluetooth құрылғысын қоссаңыз немесе Bluetooth мүмкіндігін белсендірсеңіз, құлақаспапты және ұялы телефонды/Bluetooth құрылғысын қолмен қайта қосу қажет болады.

**Ескертпе**

- Құлақаспап 5 минут ішінде ауқымдағы қандай да бір Bluetooth құрылғысына қосылмаса, ол батарея қуатын үнемдеу үшін автоматты түрде өшеді.

## Қоңыраулар мен әуенді басқару

### Қосу/өшіру

| Тапсырма | Түйме | Жұмыс жасау |
|---|---|---|
| Құлақаспапты қосу. | Музыканы/Қоңырауды басқару | 2 секундтай басып тұрыңыз. |
| Құлақаспапты өшіру. | Музыканы/Қоңырауды басқару | 4 секундтай басып тұрыңыз. Ақ ЖШД қосылады және баяу өшеді. |

### Музыканы басқару

| Тапсырма | Түйме | Жұмыс жасау |
|---|---|---|
| Әуенді ойнату немесе уақытша тоқтату. | Музыканы/Қоңырауды басқару | Бір рет басыңыз. |
| Дыбыс деңгейін реттеу. | +/- | Бір рет басыңыз. |
| Алға айналдыру. | + | Басып тұрыңыз. |
| Артқа айналдыру. | - | Басып тұрыңыз. |

### Қоңырауды басқару

| Тапсырма | Түйме | Жұмыс жасау |
|---|---|---|
| Қоңырауға жауап беру/аяқтау. | Музыканы/Қоңырауды басқару | Бір рет басыңыз. ↳ 1 дыбыстық сигнал. |
| Кіріс қоңырауын қабылдамау. | Музыканы/Қоңырауды басқару | 2 секундтай басып тұрыңыз. ↳ 1 ұзақ дыбыстық сигнал. |
| Сөйлесу кезінде абонементті ауыстыру. | Музыканы/Қоңырауды басқару | Екі рет басыңыз. ↳ 1 дыбыстық сигнал. |

| | | |
|---|---|---|
| Сөйлесу кезінде микрофонды өшіру/қосу. | +және - | Бір рет басыңыз.<br>↳ 1 дыбыстық сигнал. |

**Басқа құлақаспап индикаторының күйі**

| Құлақаспап күйі | Индикатор |
|---|---|
| Құлақаспап күту режимінде кезде немесе музыка тыңдау кезінде құлақаспап Bluetooth құрылғысына қосылады. | Көк ЖШД 8 секунд сайын жыпылықтайды. |
| Құлақаспап жұптауға дайын. | ЖШД кезектесіп көк және ақ түспен жыпылықтайды. |
| Құлақаспап қосылған, бірақ Bluetooth құрылғысына жалғанбаған. | Көк ЖШД жылдам жыпылықтайды. Егер байланыс орнамаса, құлақаспап 5 минуттан кейін өздігінен өшеді. |
| Төмен батарея деңгейі. | Қуаты аяқталғанша ақ ЖШД 10 секунд сайын 3 рет жыпылықтайды. |
| Батарея толығымен зарядталды. | Ақ ЖШД өшеді. |

# Музыканы бөлісу

music chain

**MusicChain™** функциясымен әндер тізбегін жасап, бірдей екі құлақаспаптың арасында бөлісуге болады.

| А құлақаспабы | В құлақаспабы |
|---|---|
| А ұялы телефонына жалғаңыз. | В ұялы телефонына жалғап, оны А құлақаспабының жанына қойыңыз. |
| В құлақаспабымен музыканы бөлісуді бастаңыз.<br>**1** Музыка/қоңырау түймесін екі рет басыңыз.<br>↳ 2 дыбыстық сигнал естіледі.<br>↳ Көк және ақ түсті жарық кезектесіп жыпылықтайды.<br>**2** В құлақаспабымен байланыстың орнатылуын күтіңіз.<br>↳ **"Pairing, please wait."** естіледі. Күту уақыты 15-тен 60 секундқа дейін созылады. | А құлақаспабынан музыканы бөлісуді бастаңыз.<br>**1** Музыка/қоңырау түймесін 3 рет басыңыз.<br>↳ 3 дыбыстық сигнал естіледі.<br>↳ Көк, ақ түсті және өшірулі жарық кезектесіп жыпылықтайды.<br>**2** А құлақаспабымен байланыстың орнатылуын күтіңіз. Оған 1 минут кетуі мүмкін, әйтпесе, 1 минуттан кейін байланысты күту уақыты бітеді.<br>↳ **"Pairing, please wait."** естіледі. Күту уақыты 15-тен 60 секундқа дейін созылады. |
| В құлақаспабынан ажырату үшін, музыка/қоңырау түймесін екі рет басыңыз. | А құлақаспабынан ажырату үшін, музыка/қоңырау түймесін екі рет басыңыз. |

**Кеңес**

- Музыка бөлісудің күту уақыты 15-тен 60 секундқа дейін созылуы мүмкін.
- Байланысты орнату барысы мен оның сақталу ұзақтығын жақсарту үшін міндетті түрде А құлақаспабын В құлақаспабына жақын орналастырыңыз.
- Музыка тізбегі режимінде В құлақаспабы В ұялы телефонына жалғанған жағдайда, А ұялы телефонында музыка ойнатуды тоқтатқаннан кейін В ұялы телефонынан музыканы бөлісуге болады.

# 5 Техникалық мәліметтер

- 7,5 сағатқа дейін музыка ойнату уақыты немесе 6 сағат сөйлесу уақыты
- 170 сағатқа дейін күту режимі уақыты
- Толық зарядтау үшін қалыпты уақыт: 2 сағат
- Зарядталатын литий-полимер батарея (125 мА/сағ)
- Bluetooth 4.1, Bluetooth бір арналы дыбыс қолдауы (Headset Profile - HSP, Hands-Free Profile - HFP), Bluetooth арқылы екі арналы дыбысқа қолдау көрсетіледі (Advanced Audio Distribution Profile - A2DP; Audio Video Remote Control Profile - AVRCP)
- Жұмыс ауқымы: 10 метрге дейін (33 фут)
- Санды жаңғырық және шуды басу
- Автоматты түрде өшу

Ескертпе

- Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі.

# 6 Ескерту

## Сәйкестік туралы декларация

Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com сайтынан табуға болады.

## Ескірген бұйымдарды және батареяны жою

Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.

Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.

Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/ЕО еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Кәсіпқой зарядталмалы батареяны алуы үшін өнімді ресми жинау орнына немесе Philips сервистік орталығына апару ұсынылады. Электр және электрондық өнімдер мен зарядталмалы батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесімен танысыңыз.

Жергілікті ережелерді орындаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

### Кірістірілген батареяны алып тастау

Ескертпе

- Батареяны алмас бұрын гарнитураның USB зарядтау кабелінен ажыратылғанын тексеріңіз.

Егер еліңізде электронды өнімдерді жинау/қайта өңдеу жүйесі жоқ болса, қоршаған ортаны гарнитураны қоқысқа тастаудан бұрын батареяны алып тастау және қайта өңдеу арқылы қорғауыңызға болады.



## Электр магнитті өріспен (ЭМӨ) үйлесімділігі

Бұл өнім электромагниттік өрістерге қатысты барлық қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді.

**Айналаны қорғау мәселелер ақпараты**

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда

қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсі біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

# Сауда белгілері

## Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді Gibson Innovations Limited лицензияға сәйкес пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары сәйкес иелерінің меншігі болып табылады.

## N белгісі

N белгісі — NFC Forum, Inc. корпорациясының Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердегі сауда белгісі немесе тіркелген сауда белгісі.

# 7 Жиі қойылатын сұрақтар

**Bluetooth құлақаспабым қосылмайды.**
Батарея зарядының деңгейі төмен. Құлақаспапты зарядтаңыз.

**Bluetooth құлақаспабымды мобильді телефонмен жұптау мүмкін емес.**
Bluetooth ажыратылған. Мобильді телефондағы Bluetooth мүмкіндігін қосыңыз немесе құлақаспапты жалғаудан бұрын мобильді телефонды қосыңыз.

**Жұптау жұмыс істемейді.**
Құлақаспап жұптау режимінде екенін тексеріңіз.

- Осы пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған қадамдарды орындаңыз (ақылдасу 'Құлақаспапты мобильді телефоныңызбен жұптау' бет 4).
- Қоңырау/әуен түймесін босатудан бұрын ЖШД шамы кезектесіп көк және ақ түспен жыпылықтайтынын тексеріңіз. Егер көк ЖШД шамын ғана көрсеңіз, түймені басып тұруды тоқтатпаңыз.

**Мобильді телефон құлақаспапты таба алмайды.**

- Құлақаспап алдыңғы жұпталған құрылғыға жалғанған болуы мүмкін. Қосылған құрылғыны өшіріңіз немесе оны ауқымнан тыс жерге жылжытыңыз.
- Жұптау бастапқы қалпына келтірілген болуы немесе құлақаспап бұрын басқа құрылғымен жұпталған болуы мүмкін. Құлақаспапты мобильді телефонмен пайдаланушы нұсқаулығында (ақылдасу 'Құлақаспапты мобильді телефоныңызбен жұптау' бет 4) сипатталғандай жұптаңыз.

**Bluetooth құлақаспабым Bluetooth стерео қосылған мобильді телефонға жалғанған, бірақ музыка мобильді телефон динамигінде ғана ойнайды.**
Ұялы телефонның пайдаланушы нұсқаулығына жүгініңіз. Құлақаспап арқылы музыка тыңдау үшін таңдаңыз.

**Дыбыс сапасы нашар және импульстік шуыл естіледі.**
Bluetooth құрылғысы ауқымнан алшақ. Құлақаспап пен Bluetooth құрылғысының арасын жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кедергі заттарды алып тастаңыз.

**Дыбыс сапасы, ұялы телефоннан ағынмен тасымалдау өте баяу болғанда, нашар немесе дыбыстың ағынмен тасымалдауы тіптен жұмыс істемейді.**
Ұялы телефоны HSP/HFP ғана емес, бірақ сонымен қатар A2DP (ақылдасу 'Техникалық мәліметтер' бет 9) қолдайтынын тексеріңіз.

**Bluetooth құрылғысындағы әуенді естимін, бірақ басқара алмаймын (мыс. ойнату/уақытша тоқтату/алға/артқа айналдыру).**
Bluetooth дыбыс көзі AVRCP (ақылдасу 'Техникалық мәліметтер' бет 9) қолдайтынын тексеріңіз.

**Болашақта қолдау алу үшін www.philips.com/support** торабына кіріңіз.

2015 © Gibson Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Бұл өнімді Gibson Innovations Ltd. жасап шығарған және ол соның жауапкершілігімен сатылады. Gibson Innovations Ltd. осы өнімге кепілдік береді.

Philips және Philips Shield Emblem - Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады. және Koninklijke Philips N.V. лицензиясынасәйкес пайдаланылады.

CE 0890

UM_SHQ8300_00_KK_V1.0
wk1531